



БҰЙРЫҚ

*N112* *15.03.2021*

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ \_\_\_\_\_  
город Нур-Султан

**2021-2022 оқу жылы балаларды  
білім беру ұйымдарының  
бірінші сыныбына қабылдау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 564 бұйрығын орындау барысында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бастауыш білімнің жалпы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары **дайындық деңгейіне қарамастан**, білім беру ұйымы қызмет көрсететін аумақта тұратын барлық балалардың қолжетімділігін қамтамасыз ете отырып, **алты жастағы және күнтізбелік жылда алты жасқа толатын** балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды жүзеге асырсын.

2. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижелерін беру екі тәсіл: көрсетілетін қызметті беруші арқылы «**электрондық үкімет**» веб-порталы және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арқылы **қағаз түрінде** жүзеге асырылсын.

3. Бастауыш білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының бірінші сыныбына қабылданатын балалардың ата-аналарынан немесе өзге де заңды өкілдерінен құжаттарды қабылдау ағымдағы күнтізбелік жылдың **1 сәуірінен бастап 1 тамызына** дейін жүзеге асырылсын.

4. Білім ұйымдарының басшылары балаларды бірінші сыныпқа қабылдау жүргізу үшін мектепте қабылдау комиссиясының құрамын бекітсін.

5. Білім беру ұйымдарының басшыларына балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды ұйымшылдықпен өткізуге жеке жауапкершілік жүктелсін.

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Білім басқармасы басшысының орынбасары Б. Сматаеваға жүктелсін.

**Басшының  
міндетін атқарушы**



**Ш. Сейсенбай**